

ОҢТҮСТІК КОРЕЯНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК САЯСАТЫ: ЕРЕКШЕЛІГІ МЕН ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ

Аңдатпа. Мақалада Оңтүстік Корея Республикасының әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы саясаты қаралған. Әлемдегі дамыған елдердің қатарына жататын Шығыс Азия елдерінің бірі болып табылатын Корея елінің экономикалық және әлеуметтік дамуда зор табыстарға жеткендігіне талдау жасалған. Көптеген бағыттар бойынша әлемдік рейтингте алдыңғы орындарда болуы осының дәлелі. Әлеуметтік саясатта мемлекеттің реттеушілік рөлінің маңыздылығы, сонымен қатар дәстүрлі мәдениет, жанұялық қатынас, дүниетаным жүйесі де әлеуметтік қамсыздандыруға зор ықпал ететіні туралы айтылады. Елде сақтандыру жүйесі рационалды үйлестірілген және кеңінен таралған. Зейнеткерлерге, жастарға, аз қамтылған жанұяларға арналған көптеген бағдарламалардың бар болуы және олар үнемі жетілдіру үстінде. Осы мәселелерге тоқтала отырып, мақалада Корея Республикасының әлеуметтік саясат саласындағы тәжірибесі Қазақстан Республикасының әлеуметтік бағдарламаларымен салыстырыла қаралды.

Тірек сөздер: Оңтүстік Корея Республикасының әлеуметтік саясаты, әлеуметтік қамсыздандыру, әлеуметтік бағдарламалар, әл-ауқат, әлеуметтік мемлекет, сақтандыру жүйесі.

Аннотация. В статье рассматривается социальная политика Южной Кореи. Являясь одной из Восточно-Азиатских стран, которые занимают ведущее место в мире, Южной Корея достигла огромных достижений в экономическом и социальном развитии. Поэтому она занимает высокие места в мировом рейтинге по многим показателям. В сфере социальной политики очень важным является регулирующая роль государства. А также в социальном обеспечении важную роль играют традиционная культура, семейное отношение, национальное мировоззрение. В стране система страхования рационально организована и широко распространена. Существуют различные программы для пенсионеров, молодежи, малообеспеченных семей, и они постоянно совершенствуются. В статье проведен сравнительный анализ практики ведения социальной политики Республикой Корея и Республикой Казахстан.

Ключевые слова: социальная политика Южной Кореи, социальное обеспечение, социальные программы, благосостояние, социальное государство, система страховых.

Annotation. This article deals with the social policy in South Korea. As one of the East Asian countries, which occupy a leading place in the world, South Korea has made great achievements in economic and social development. Therefore, it takes a high place in the world rankings on many indicators. A very important regulatory role of the state is a area of social policy. As well as in social security are important traditional culture, marital relations, national worldview. The country insurance system rationally organized and widespread. In this article the comparative analysis of the practice of conducting social policy of the Republic of Korea and the Republic of Kazakhstan.

Keywords: a social politics of South Korean Republic, a social Security, a social programmes, wealth, a social state, an insurance system.

JEL-code: I55, H550, I300, I38.

ӨМІРБЕК
БЕКЕЖАН ҚАДЫРХАНҰЛЫ

Атырау облысы әкімі аппаратының Мемлекеттік қызметкерлерді қайта даярау, біліктілігін арттыру және тілдерді оқыту өңірлік орталығының оқытушысы, философия ғылымдарының докторы, профессор

Еліміздегі әлеуметтік саясатты қарқынды жүргізудің маңызды теориялық аспектілерінің бірі – басқа елдердің осы саладағы тәжірибелерін зерттеу болып табылады. Соның ішінде тек қана дамыған еуропалық елдер ғана емес, Азия елдерінің іс-тәжірибесі

де біз үшін бірнеше факторлар тұрғысынан ерекше болып келеді. Сондықтан бұл мақалада Оңтүстік Корея сияқты қазіргі алдыңғы қатарда дамып отырған мемлекеттің әлеуметтік саясатына шолу жасағымыз келеді. Бұл ел – әлемдік экономикалық

бәсекелестікте алға шығып Шығыс Азияның «төрт жолбарысының» бірі атанған мемлекет. Корея елі өткен ғасырдың соңында өзінің қарыштап дамуымен бүкіл әлемдік қауымдастықты өзіне қаратты. Ел тек қана әлеуметтік-экономикалық дамуы ғана емес, соның нәтижесінде барынша тиімді, ойластырылған әлеуметтік саясат жүргізуімен де ерекшеленеді. Осы жерде елдің атауына қатысты тоқтала кетсек, өткен XX ғасырдың трагедияларының бірі – кейбір біртұтас ұлттардың әлемдік құйтұрқы саясаттың кесірінен екіге бөлініп, бір ұлттың саяси себептермен бір-біріне жат болып, өзара дұшпан елге айналғаны белгілі. Осы қасірет Корей халқын да айналып өтпеді. Бұл ел 1945 жылы Жапониядан тәуелсіздік алуы нәтижесінде жеке ел болып құрылды (1948 ж.), ал Кореяның екінші жартысы Кеңес елінің көмегімен өзін социалистік бағыттағы мемлекет ретінде жариялады (1948 ж.). Сондықтан осы екі елді бір-бірінен айыру мақсатында бейресми түрде бұл мемлекет Оңтүстік Корея деп аталды. Елдің ресми атауы – Корея Республикасы.

Корея Республикасының әлеуметтік саясатының қалыптасуы елдің XX ғасырдың екінші жартысында қарыштап дамуымен тығыз байланысты. Еліміздің әлеуметтік саясатын теориялық тұрғыдан зерделеу мақсатында, компаративистік зерттеу контекстінде осы елдің де әлеуметтік саясат саласындағы жетістіктерін, концептуалдық ерекшелігін қараған жөн. Оның бірнеше себептері бар. Біріншіден, ол азиялық ел, яғни, менталитет жақындығын да ескеру, екіншіден, бұл елде қалыптасу мен дамудың батыстық және шығыстық модельдерін (әсіресе, Жапон тәжірибесін) өз мәдениеті мен экономикасына шақтап, үйлестіріп пайдалану нәтижесінде қарыштап дамып отырған заманауи мемлекет. Оған қосымша, Оңтүстік Корея мемлекеті – еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін тығыз дипломатиялық қатынас орнаған елдің бірі (1992 ж.), сондықтан экономикалық қатынасымыз да жоғары деңгейде. Мысалы, 2014 жылы екі елдің тауар айналымы 1,940 млрд.долларды құраған екен. Корея мен Қазақстан мемлекетаралық қатынастары

жөніндегі маман Г. Кимнің айтуынша: «сотрудничество между Республикой Казахстан и Республикой Корея прошло путь от установления дипломатических отношений и динамичного развития двусторонних экономических, культурно-гуманитарных связей до вступления в новый этап - стратегического партнерства. Южная Корея занимает одно из ведущих мест в системе внешнеэкономических приоритетов Казахстана, являясь крупным инвестором и стабильным торговым партнером. Происходит интенсивный обмен в сфере образования, науки, культуры и спорта» [1, 270]. Сондай-ақ Корея Республикасымен тығыз қатынас еліміздің АТА аймағы елдерімен қарым-қатынас векторының бір бағыты. Сонымен қатар, осы автор корей халқымен қазақ халқы арасындағы кейбір ұқсастықты атап өтеді: «фенотипы, менталитет, древние обычаи и верования (шаманизм) и даже язык казахского и корейского народов весьма схожи и носят родственный характер» [2, 215]. Біз осыған қосымша ретінде Қазақстан Республикасында корей халқының үлкен диаспорасы елдің дамуына үлкен үлес қосып жүргенін, екі халыққа тән шығыстық ортақ мәдениет, салт-дәстүр көріністерін атап кеткенді жөн деп ойлаймыз. Елдегі әлеуметтік бірлікті сақтай отырып, Корея елі зор экономикалық табыстарға қол жеткізді. Бұл жерде Корея және басқа да Шығыс Азиялық елдердің әлеуметтік-экономикалық табыстарынан туындаған әлеуметтік саладағы жетістіктері өзіндік ерекшеліктері бар «әлеуметтік саясаттың Шығыс Азиялық моделі» туралы мамандар арасында пікірлер қалыптастыра бастады. Бұл жерде ол модельдің басты ерекшелігі ретінде мемлекеттің тарапынан қатаң бақылаудың болуы, мемлекеттің заңның күшімен экономикалық қатынасты реттеу деп саналады. Зерттеушілер бұл модельді либералистік модельге теңей отырып, патерналистік элементінің де айқын екенін көрсетеді. Бұл елдерде жұмыс беруші кәсіпкерлер мен ірі корпорациялардың әлеуметтік қамтудағы рөлі өте жоғары. Жалпы әлеуметтік саясаттың бұл елдердегі (Жапония, Гонконг, Сингапур, Тайвань,

Оңтүстік Корея) қалыптасуы қиын да күрделі эволюциядан өтті. Оны негізінен үш шартты кезеңге бөлуге болады. Бірінші кезең, XX ғасырдың 60-шы жылдарынан 80-ші жылдарына дейін созылады. Бұл кезде әлеуметтік саясат өте төмен деңгейде болуымен ерекшеленеді, әлеуметтік көмек тек күнкөріс төңірегінде болды. Мысалы, денсаулық сақтау, зейнетақы, бала күтімі, жұмыссыздық бойынша әлеуметтік қамту мәселесі күн тәртібінде болған жоқ. Осы аспектіде зерттеушілер осы аймаққа тән екі факторға назар аударады. Ол әскерилер мен мемлекеттік қызметкерлерге жеңілдік және білім саласындағы әлеуметтік саясаттың күшеюі.

Ал 80-ші жылдардан бастап әлеуметтік саясат белсенді жүргізіле бастады, билік жүйесінде демократиялық тенденциялар күшейе түсті. Негізгі ерекшелік әлеуметтік саясаттың экономикаға бағыныштылығы болды. Кейбір зерттеушілер, осы аймақ елдерінде көп уақыт бойы билікте консервативтік партиялардың болуы ұқсас әлеуметтік модельдің қалыптасуына ықпал жасады деп санайды. Демократиялық институттардың болмауы, төмен еңбекақы, салықтың төмен деңгейі, әлеуметтік саясаттың әлсіздігі – жалпы аймаққа тән негізгі факторлар болды. Соның нәтижесінде мемлекеттік шығын төмен, еңбек нарығы еркін, әлеуметтік қамту тек белгілі топтарға ғана болды. Әлеуметтік қамту өзара көмек пен дәстүрлі жанұяға сүйенді. Әлеуметтік көмек беруде бұл елдерде қайырымдылық қорлары, корпорация немесе жанұя сияқты институттар маңызды рөл атқарады. Мемлекет оларға әлеуметтік жағдай өте төмен болған, тығырықты жағдайда ғана көмек береді. Сондықтан кейбір аналитиктер бұл модельді институционалдық типке жатқызады. Бұл модельде әлеуметтік саясат мемлекеттің сол салаға шығынымен емес, оның реттеушілік қызметімен өлшенеді. Осы мәселені зерттеген И. Герус бұл модельдің ерекшелігі «мемлекет пен бизнестің симбиозы» деп санайды [3, 124].

Оңтүстік Кореяның жеке өзіне келетін болсақ, бір жағынан оның әлеуметтік

саладағы қызметін жоғарыда айтылған Шығыс Азиялық елдер тобынан бөліп қарауға болмайды, жалпы ұстаным, концептуалдық сабақтастық айқын, екіншіден, кейбір зерттеушілер бұл елдерге қатысты мәдени факторларға баса назар аударады. Мысалы, конфуцишылдыққа негізделген дүниетанымды немесе буддизмді көлденең тартады. «До сегодняшнего дня конфуцианство все еще занимает ведущее положение в Южной Корее, идеи Конфуция: верность своей стране, уважение к человеку труда, доверие, экономия, любовь к народу, как своим детям - впитались в кровь и плоть корейцев, стали духовным ресурсом развития государства и жизни народа» [4, 27]. Конфуций ілімінің ХХІ ғасырдағы осы елдегі әлеуметтік саясатқа ықпалы жөнінде Л. Переломов былай дейді: «В Южной Корее разработана и частично осуществлена программа создания к началу ХХІ в. «государства всеобщего благосостояния» – корейская реинтерпретация концепции сяокон. Исходным является конфуцианский принцип ответственности властей за благосостояние народа и прежде всего престарелых и инвалидов [5, 27]. Кореялық сарапшы Ким Хан Гю өз кітабында ата-ананы сыйлау дәстүрін сақтау қажеттігі жайлы айта келіп, өзінің 65 жастан асқан ата-анасына сыйластықпен қарайтын жанұяларға үлкендерді қамқорлау үшін материалдық жәрдем беру қажеттігін айтады [6, 261]. Зерттеушілер Шығыс Азиялық ортақ дүниетаным немесе менталитет жүйесінен қазіргі табыстарының қайнар көздерін іздейді. Сондай-ақ, олардың экономикалық дамуына Жапонияның үлкен қарқын бергенін де зерттеушілер назардан тыс қалдырмайды. Бірақ соған қарамастан Кореяның өзіне тән ерекшеліктері, өз ұстанымдары бар екені сөзсіз.

Енді Оңтүстік Корея елінде қалыптасқан әлеуметтік бағыттағы саясат жүйесіне тереңірек тоқталсақ. Кореяның Конституциясының «әл-ауқат» деп аталатын тармағының 2-ші тармақшасында «мемлекет әлеуметтік қамсыздандыру мен әл-ауқатты дамытуға күш жігерін салуға міндетті», – деп

жазылған. Оның өзі бұл елдің Конституциясы бойынша әлеуметтік мемлекет сипатына ие екендігін көрсетеді. Зерттеуші Е.Аристовтың пікірінше, Оңтүстік Корея мемлекет болып қалыптасқаннан-ақ оның әлеуметтік мемлекет сипатын алуына әлеуметтік қорғаудың «Бисмарк моделін» таңдауы себепші болған. Айта кету керек, әлеуметтік қорғаудың бұл типі Шығыс Азия елдерінің ішінде Жапонияда кеңінен қолданыс тапқан еді [7,17]. Оңтүстік Кореяда әлеуметтік сақтандыру еңбектің барлық саласын қамтиды.

Әлеуметтік қорғау жүйесінде нарыққа негізделген экономика және жанұя басым рөл атқарады, жалпы жанұя әл-ауқатты арттыру жоспарының маңызды тетігі, бұл әрине, дәстүрлі шығыс қоғамындағы жанұя рөлі тұрғысынан да логикалық деп санаймыз. Дәстүрлі жанұяның бірлігі, жанұя мүшелерінің қаржылық мәселесін өз мойнына алуы арқасында мемлекет бір кездерде көптеген әлеуметтік төлемдерден босатылған. Мысалы, қарттар үйі мәселесі деген жоқ, тіпті болмаған, балалар оларды өздері қамқорлайды және т.б. жанұяның беріктігі, ажырасудың аз болуы, үлкенді тыңдау, жанұядағы береке, заттық-материалдық құндылықтардың басымдығы болмауы, артық дүние-мүлік жинамау, осының бәрі корейлік жанұяның қаржылық берекелігіне көп уақыт бойы негіз болып табылған. Өкінішке орай, біздің елімізде осы дәстүрлердің бұзылуы көптеген негативтік жағдайларға соқтырып отырғаны жасырын емес, басқаны айтпағанда, тастанды балалар мен жалғыз басты аналардың көбеюі, салтқа жат «қарттар үйі» пайда болуы адами-этикалық, имандылық мәселесінен басқа қоғам тұрғысынан қаржылық мәселесіне де соқтырып отыр, себебі оның бәрі әлеуметтік қорғау жүйесіне енетін категорияларды көбейтіп, мемлекеттік әлеуметтік саясатқа, халықтың қалтасына салмақ салуда. Әрине, жаһандану мен экономикалық өсім бұл елге де ықпал етуде. Соңғы жылдары жаңағы айтылған дәстүрлер бұзыла бастады. Зейнетақы өсуіне байланысты қарттар балалардан тәуелсіз бола бастады, бала туу азайды. Әйелдер жұмыс пен жеке әлеуметтік мәртебеге көбірек көңіл бөлу дегендей

дамыған елдерге тән проблемалар бұл елде де етек жайып, жаһандану дәуірінің ықпалы күшейе түсуде. Бұл ел басқа да дамыған елдер сияқты жастары аз, «қартаю» үстіндегі елдерге жатады. Тіпті үкімет демографиялық мәселені шешуге арналған шараларға баруға мәжбүр, мысалы, ақысыз балабақшалар, декреттік демалыс уақытын ұзарту сияқты шаралар мемлекеттік әлеуметтік саясатының маңызды саласы болып табылады. Сондықтан бұған елдің әл-ауқаты артуы, өмір деңгейінің өсуі егде жастағы адамдардың саны артуға әкелген, мысалы, сонау өткен ғасырдың 60-шы жылдары 65 жастан асқандардың саны ел тұрғындарының 2,9 пайызын құраса, 2000 жылға қарай 7,1 % құраған екен.

Енді Оңтүстік Корея еліндегі әлеуметтік саясатқа қатысты құқықтық, бағдарламалық мәселелерге келетін болсақ, жоғарыда айтып кеткендей, құқықтық тұрғыдан әл-ауқат мәселесі Конституция деңгейінде қарастырылған, мемлекеттік саясаттың маңызды элементі болып табылады. Негізі елде әлеуметтік қамқорлық жасаудың екі бағыты бар, біріншіден, әлеуметтік қамсыздандыру заңы негізінде жасалған сақтандыру бойынша бағдарламалар тобы, екіншіден, мемлекеттік жәрдемақы мен дотациялар беру бағдарламасы. Біріншісі әлеуметтік көмектің кең саласын қамтып, оған уақытша жұмысы жоқтар немесе жұмыссыз жағдайда, қартайған кезде, өндірістегі жарақат алу кезіндегі емделуге шығындар, көп балалы жанұяға жәрдемақы, бала туған кездегі көмек, асыраушысынан айырылған жағдайдағы көмек, жерлеу шығындары жатады. Олардан басқа керек жағдайда басқа да әлеуметтік көмектер жасалады. Сонау 1961 жылы «Әл-ауқат жайлы» заң қабылданды. Содан кейін 1963, 1995 жылдары «Әлеуметтік қамтамасыз ету жөніндегі» заң қабылданды. 1973 жылы «Ұлттық зейнеткерлік әл-ауқат жөніндегі», 1987 жылы «ұлттық зейнетақы» заңы қабылданды. Ал 90-шы жылдары «Өмір сүрудің базалық құралының ұлттық кепілдіктері жайлы» заң пайда болып, әлеуметтік көмек алушылардың тізімін кеңейтті. Елдегі әлеуметтік қамқорлықты нығайту мақсатында «Жалақының жоғары

деңгейі», «Үміт арту», «Бақытты үй» сияқты бағдарламалар жасалды. «Жалақының жоғары деңгейі» бағдарламасы 2015 жылы мемлекеттік мекемелерде енгізілген. Ол зейнеткерлік жасты ақырындап ұзартуға арналған. Қызметшінің жалақысы белгілі бір жасқа келгенше өседі, содан кейін оның жұмысы сақтала отырып, жалақысы мен еңбек күні қысқара береді. Осы процесс ол зейнеткерлікке шыққанша жалғаса береді. Бағдарлама адамның зейнеткерлікке дейін жұмыс істеуіне мүмкіндік береді және жастардың жұмысқа орналасуына жағдай жасайды әрі зейнетақыға түсетін салмақты азайтады. Ал «Үміт арту» деп аталатын бағдарламаға келер болсақ, қосымша қаржыландырылатын жинақтаушы кітапшалар арқылы аз қамтылған жанұяларға, жастарға көмек жасалады. Адам банкіге белгілі бір мөлшердегі қаржыны жинақтаса, үкімет оған қаржылай көмектеседі. Тұрғын үй мәселесін шешуге бағытталған «Бақытты үй» бағдарламасы бойынша тұрғын үйді нарықтық бағасынан көп төмен (20-40%) жалдауға болады. Төмен табысы бар қарттар, мүгедектер, балалы жанұялар үшін «энергетикалық ваучерлер» бар, оның көмегімен қыста жылу алуға, үй жалдау үшін субсидия алуға мүмкіндік бар. Сонымен қатар, 1997 жылы «Мүгедектер әл-ауқатын арттырудың бес жылдық жоспары» деген бағдарлама қабылдаған. Бұл да сонау 1980 жылдардан бері мүгедектер үшін қолға алынып келе жатқан іс-шаралардың жалғасы болып табылады. Әлеуметтік қамсыздандыру тұрғысындағы соңғы кездегі нақты деректер мен көрсеткіштерді корейлық зерттеуші Ко Ен Чольдің «Социальное обслуживание населения и студентов в Южной Корее» деп аталатын мақаласынан көруге болады. Ақпараттық жағынан деректерге толы мақалада автор бірнеше бағыттар бойынша әлеуметтік төлемдердің көлемін көрсетеді. Мысалы, жалпы табысы 4 адамға 1630 доллардан кем жанұяға ай сайын 470 доллар төленеді, қысқы кезде жылу үшін 90.8 доллар (жылына алты рет) бала туғанда 600 доллар, жерлеуге 750 доллар және т.б. Немесе

денсаулық сақтау саласында онкологиялық ауру балаларға – 30 000 \$, ересектерге 2000 \$ көлемінде емдеуге ақы төленеді. Әрине, бұл жерде дәрігерлік көмек алушылардың белгілі бір категориялары бар екенін айта кеткен жөн. Балалы жанұяларға көмек ретінде 6 жасқа дейінгі балаға бәрі ақысыз балабақшамен қамтылады немесе бала тәрбиесі үшін 84 айға дейін 200\$ жәрдемақы қаралған екен. Сондай көмектер студенттерге де әртүрлі стипендиялар түрінде жасалады [8,168].

Елдегі орташа жалақы жанбасына шаққанда 19 372 долларды құрайды. Жұмыссыздық деңгейі өте төмен. Соған қарамастан үкімет жүздеген жұмыссыздарға көмек орталығын салуды жоспарлап отыр. Кореяда сақтандыру жүйесі кең тараған, Мысалы, жұмысшының міндетті үш сақтандыруы бар: апат жағдайындағы, ауруға байланысты, жұмыссыздық, денсаулықты сақтандыру. Барлығы үшін міндетті әлеуметтік сақтандырудың төрт түрі бар. Олар: өндірістегі кездейсоқ оқиғадан, денсаулықты сақтандыру, еңбекке орналасу, зейнетақыға. Жүкті әйелдер декреттік демалысқа 90 күн алуына болады, оның алпыс күні төленеді. Сонымен қатар 2013 жылдан бастап бала бағу үшін 5 жасқа дейін жәрдемақы төленеді. Оңтүстік Кореяда білімге, денсаулыққа және әлеуметтік қорғауға мемлекеттік шығын 11%-ды құрайды. Ресейлік зерттеуші М.П. Кукланың айтуынша, әлеуметтік саясат саласындағы шығындар 2015 жылғы бюджеттің 30%-н құраған. Бұл 2014 жылғы шығыннан 8,5 артық. Автордың зерттеуінше, соған қарамастан Оңтүстік Корея әлеуметтік саясат бойынша шығын жөнінде ЭЫДҰ елдері арасында соңғы орында, ол Корея ЖІӨ-ң 9,4 құрайды. Ал ЭЫДҰ елдеріндегі орташа көрсеткіш – 22% [9, 30]. Адам өмірінің ұзақтығы 82 жасқа теңелген. Ал зейнетақыға келер болсақ, адамдар 60 жасқа дейін зейнетақы қорына ақша салуға міндетті, адам 61 жасқа келгенде кемінде он жыл ақша алған болса, зейнеткерлікке шыға алады. Корея үкіметі 2015 жылы «инновациялық дамудың үш жылдық жоспарын» қабылдады. Соның бірінші бөлімінде зейнеткерлік жүйесін әлеуметтік қамсыздандыруды реформалау,

шағын және орта бизнесті қолдау мәселесі тұрғаны да көп нәрсені аңғартса керек. Сөзімізге дәлел ретінде осы елдің халықаралық деңгейдегі рейтингтерін де мысалға келтіре кетсек.

Халықтың өмір сүру деңгейі бойынша 2016 жылы 28 орын алған (142 елдің ішінде), табиғи байлығы жоқ Корея елі елдің білім деңгейін дамытуға көп күш жұмсаған, соның нәтижесінде білім беру жүйесінің тиімділігі бойынша 2014 жылы әлемде бірінші орында болған (назар аударатын факт: 2-орын – Жапония, 3-орын – Сингапур, 4-орын – Гонконг). Әрине, бұл да мемлекеттің әлеуметтік саясатының бір жетістігі болып табылады.

Корея Республикасының әлеуметтік саясат бойынша ұстанымдарына шолу жасай келе, төмендегідей тұжырымдар жасауға болады.

1. Корея елі мен Қазақстан Республикасы арасында ортақ құндылықтар мен айырмашылықтар бар, бірақ екі ел де қазіргі жаһандану дәуірінің ортақ ықпалдарына, тенденцияларына тап болуда.
2. Дәстүрлі құндылықтардың құнсыздануы, девальвацияға ұшырауы қоғамда кейбір келеңсіз жағдайларды туғызуда, бірақ екіншіше орай ол процесс біздің елде тым жылдам жүруде сияқты. Олар: үлкендерге, жаңуға дәстүрлі қатынастың өзгеруі, нәтижесінде әлеуметтік шығындарды қажет ететін

топтардың, арнайы мекемелердің (қарттар, балалар үйі) көбеюі.

3. Корея елі мемлекет ретінде даму барысында өнім шығару саясатын басшылыққа алса, біздің еліміз шикізатқа сүйенген экономикаға негізделген, оның өзі егер орта және шағын бизнес дамымаған жағдайда экономиканың дамуын шектейтін факторға айналады. Демек тағы да әлеуметтік қамтуды қажет еткізетін топтардың көбеюіне апарады.

4. Корея Республикасында қалыптасып отырған демографиялық проблемаларды тудырмаудың алдын алу шараларын жүргізуді осы кезден қолға алу.

5. Білім мен денсаулық сақтау саласындағы Корея жетістіктерін тәжірибе саласында көбірек зерттеу, талдау қажет.

Қорыта келгенде біз дамыған, шығыс елі ретінде Корея жетістіктерін өз болашағымыз тұрғысынан тереңірек зерттеуіміз керек, ол біріншіден озық тәжірибені қолдануға қажет болса, екіншіден, ол елдің кейбір жіберген кемшіліктерін қайталамауға сабақ болар еді.

Жалпы Оңтүстік Корея үкіметі әлеуметтік салаға көп көңіл бөлу үстінде. Көптеген тың ұлттық бағдарламалар, жобалар ұсынылуда немесе жүзеге асуда. Барған сайын бұл салаға салатын қаржы да көбеюде. Сонымен қатар тек қаржы салу ғана емес, ол саланы реформалаудың тиімді, рационалды жолдарын іздестіру жұмысы да жалғасу үстінде.

Әдебиеттер

1. Ким Г.Н. Состояние и развития сотрудничества казахстана с регионами и странами Азии// Казахстанский путь-2050. Книга 3. Последовательная и предсказуемая внешняя политика. Коллективная монография. – Алматы: КИСИ при Президенте РК, 2014. – 308 с.
2. Ким Г.Н. Казахстан – Южная Корея: по пути стратегического партнерства: монография. В двух книгах. Книга 1. Этапы партнерства и сотрудничества. – Алматы: КИСИ при Президенте РК, 2012. – 392 с.
3. Герус И.М. Азиатская модель экономического развития// Вестник КРПСМ. 2014. Т.14. №3. С.113-119.
4. Цзоу Хун. Влияние конфуцианской идеи ритуала «ли» на идеологию и культуру народов Кореи и Японии.// Вестник ЧитГу №10(77). С.10.
5. Переломов Л.С. Кореяские исследователи об учении великого конфуцианца Чжоу Си. // Становление нововосточной цивилизации в постиндустриальную эпоху (Духовные истоки и ноосферно-человеческий смысл). Том 1 (Россия, Китай и Центральная Азия): Коллективная монография. – М.:Экслибрис-Пресс, 2008. – 480 с.
6. Ким Хан Гю. Государство всеобщего благосостояния. -М., 1995.
7. Аристов Е.В. Государство благосостояния в южной Кореи. //Исторические, философские, политические и юридические науки. – Тамбов: Грамота, 2015. №11.
8. Ко Ен Чоль. Социальное обслуживание населения и студентов в Южной Кореи// МИР (Модернизация. Инновация. Развитие). 2016. Т. 7. №1. С.167-170.DOI: 10.18184/2079-4665. 2015.6.4.167.170.
9. Кукла М.П. Республика Корея: на пути к креативной экономике// Азия и Африка сегодня. №9(710). – 2016. С.27.